



ТІЛ ТАРИХЫ: КІРІСПЕ

Ағылшын тілінің кеңінен таралу
себептері



Ағылшын тілінің әлемдік деңгейге көтерілуінің өзіндік себептері бар. Еуропа елдері бақытты ел. Себебі олар, ағылшындар, француздар, итальяндықтар, испандықтар, бұлар үлкен бәсекеге түсті. Олардың әрқайсысы ұлттық қауымдастықты қалыптастыруға және өзінің ұлтын мақтан тұтуға, өз ұлтының өзге ұлттарға үстем көрсетуге талпынды. Сөйтіп, араларында ұлттық жарыс пайда болды. Бір-бірінің мәдени, экономикалық жетістіктерінің деңгейін білу мақсатында, бір-бірін аңдып отырды. Ұлттық деңгейлерін көтеру үшін өздерінің билігі аясында кеңейтуге тура келді. Сөйтіп, ұлттық өрісін биіктету үшін әлемдік отарлау саясатқа жан-жақты дайындалуға кірісті. Жаңа ренессанс дәуірін бастап, ұлы ойшылдарына ықпал жасауды қолға алды. Мысалы, Фрэнсис Бэкон Еуропаның дамуына үлкен үлес қосқан.

Фрэнсис Бэкон (1561–1626) ағылшын философы, тарихшы, саясаттанушы, ағылшын материализм және эмпиризмнің негізін қалаушы. Ол «Ғылым қалай дамыды? Руханиятпен, сеніммен, Алламен қандай байланысымыз бар? Адамның өмірдегі алатын орны? Сенімнің, ғылымның, адамзаттың т.б.» жаңа бір ғылыми сараптамаға негіздеп үлкен еңбек жазды. Осы еңбектің негізінде Рене Декарт «Ғылымның ақиқатын білу үшін не қажет?» деген сұраққа, «Біз ақылды дұрыс пайдалануымыз керек» деген жауабын жазған екен. Бұл айтылғаны бүкіл әлемге тараған.

Рене Декарт (1596–1650) – француз ойшылы, математик, механик, физик, физиолог, аналитикалық геометрия және алгебралық символиканың негізін қалаушы.

«Мен бір нәрсеге күдікпен қараймын, ешнәрсені ақиқат деп танымаймын, соған нақты көзім жеткенше». Бұл сөз бұрын христиан дінінің ықпалында ғылыми дамуға кедергі жасап жүрген ой өрісінен айырылуына көмектесті.

Фрэнсис Бэконның салған жолы Рене Декарт арқылы бір нақтылыққа барды. Ғылымға нақты не керек идеализм мен ғылыми реализм екеуін араластырып алмауымыз керек.

Дүниедегі шындықтар қаланы дамыту, технологияны дамыту бұл жерде тек қана идеалистік көзқарас ананы істесек күнә, мынаны істесек күнә дей берсек алға жылжи алмаймыз. Сол үшін дүниенің кейбір шындығын зерттеуге кірісуіміз керек.

Еуропа ғылымды қалай ақиқатын тауып, қандай жолмен, қандай тәсілмен алға жылжудың негізін сол кезде қалады. Бастапқы мәселе, бұлардың ойлағаны дұрыс ойлау, ойды дұрыс пайдалану. Сол арқылы ғылымды дамытуға болады. Дүниетанымы түзелгеннен кейін ең басты мәселе адам өмірінің жақсаруы. Адам өмірін жақсарту үшін экономиканың дамуы, ал экономиканың дамуы тікелей технологияға қатысты құрал-жабдықтар екенін сезіп, біртіндеп сол жолға түсіп өздерінің ішкі дамуын қамтамасыз етіп, сыртқы елдерді отарлауға кірісті. Соның арқасында даму жолына түсті. Ойшылдардың осындай деңгейге көтерілуіне әрқашан саяси билік ықпал жасады. Ағылшындардың да ең үлкен жетістіктері бірінші Елизаветта патшасының арқасында болды.

Елизавета I (1538–1603) – Тюдорлар династиясынан шыққан соңғы патшайым. Генри 8 және Анна Болейннің жалғыз қызы. Елизаветта I билік құрған кезеңді «Англияның алтын ғасыры» деп атайды. 1558 жылы таққа отырғанда, содан бастап оның орынбасары 1-ші Джеймс өлгенше, 67 жыл бойы ағылшынның саяси билігі ғылымды, мәдениетті қатты қолдап отырды. Сол кезде ағылшындарда үлкен жазушылар, драматургтер, Уильям Шекспир сияқты ұлы тұлғалар пайда болды. Философияда да үлкен қадам басқан Фрэнсис Бэкон, Вальтер Ралли сияқтыларды атауға болады. Олар бірігіп бір жағынан сөз шеберлігінің тұтқасын қолға алса, екіншілері ой-өрістің дамуына іргесін қалады. Сөйтіп Британияның сол кездегі әлемдік деңгейдегі үлкен философияға жол ашты. Елизаветта кезінде әдебиет, мәдениетпен қатар экономикаға да үлкен мән берілді. Бұл кезде Үндістанда Британ және Индия компаниялары ашылып, сол компаниялар Үндістанмен қатар бүкіл әлемнің ¼ бөлігін жаулап алып өз отарында, өз боданында ұстауға негіз қалады.

Әрбір ағымның бастауы болады. Ағылшын тілінің дамуының бастауында зерттеулердің қорытындысы бойынша 1-ші Елизаветта тұр деп айтуға болады. Сол кезде экономика мен мәдениетті қатар дамуына үлкен іс-шаралар қолданылып, ылғи мәдениет пен экономиканы тікелей өз қамқорлығына алып отырды. Соның арқасында ағылшындардың экономикалық сауда-саттық компаниялары бүкіл әлемде тікелей патшалықтың қолдауымен дамуына мүмкіндік алды. Мәдениет пен әдебиетте олардың ортаға қойған мәселелері шын мәнінде бүкіл



адамзатқа тән құндылықтар еді. Шекспирдің «Ромео и Джульетта» шығармасында да көре аламыз. Махаббат пен қастандық өшпенділік адамзаттардың тағдырын, елдердің тағдырын қалай өзгертетінін Гамлет деп танымал болған шығармасындағы күні бүгінге дейін адамзаттың ой өрісін өзіне бұрып, ойлануға тура келетінін көрсетеді.

Ағылшын тілінің үлкен дамуына бастапқы іргесін қалаған кез 1600–1700 жылдар, яғни XVII ғасыр болды. Иранның өзінде ағылшын тілінің маңызы өте зор. Ағылшын тілі кейін отарлау арқылы, мәдениеті мен әдебиетінің дамуы арқылы бүкіл әлемді өте жүйелі түрде өзіне қаратып, өзінің боданына алуға әрекет жасады. Британиямен қатар экономикалық мүдделі елдердің де ағылшын тілінде сақталып қалуына мүдделі.

Сонымен қатар, ағылшын тілі өзінің тілін технология тіліне айналдырды. Өзге тілдерді де жатсынбай, өздеріне алып, сөздік қорын байытты. Соның арқасында сол кездің өзінде әлемдік деңгейде экономика мәдениеті технология салаларында алдыңғы қатарлы тіл ретінде ары қарай өрісін дамытып келе жатқан тіл. Ұзақ жылдар бірнеше ғасыр бойы ағылшындар Үндістанды өз отарында ұстады. Үндістанның саяси билігі де, буржуазиясы да ағылшын тілінде қалыптасты. Сол қалыптасқан түрде күні бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатыр. Үндістанның ақсүйектері, жоғарғы таптың тұлғалары саясатта да, мәдениетте де ағылшын тілінде сөйледі. Кейінгі жылдары ғана үнді тілі азғантай болса да өзінің бет бейнесін көрсете бастады. Бірақ ағылшын тілінің үстемдігі бүгінгі күннің өзінде сақталып келе жатыр. Ол отарлау саясатында егер белгілі бір дәрежеде өзінің тілін ғашық етіп тәрбиелесе, сол топ келешекте сол елге қызмет жасайды. Кезінде жоғарғы таптың тұлғаларын ағылшын тілінде тәрбиеледі, ағылшындардың құндылықтарын санасына сіңірді. Қазір сол сана бүгінде сол елге қызмет көрсетіп жатыр. Үндістердің тілі, түрі үнді болғанымен, санасы ағылшын.

Рахманқұл Бердібайдың осы жерде «Көзқаман» деген әңгімесін айта кеткен жөн. Оның айтуы бойынша, қырғыз бен қытай арасындағы бір шайқаста, қырғыздың жаңа туған ханшайымын қытайлықтар алып кететін көрінеді. 20 жылдан кейін қырғыздарға барып, қашанғы жауласамыз, достасайық деп қыздарын қайтаратын көрінеді. Сол қыз 20 жыл қытайлықтардың тәрбиесінде болғандықтан, қытай елінің мүддесіне қызмет жасаған. Бұл жерде сана ұрланды. Үндістер де сол сияқты, ағылшын тілінің үстемдігінен аты үнді болғанымен, санасы ағылшын болып келеді. Аз да болса оңтүстік Африканы да билеп отырған ағылшын тілі. Бұл жерде экономика, саяси билік тілдері ағылшын тілі болады да, жергілікті тіл аймақтық тіл болып қала береді. Жергілікті тілдің жоғарғы таптың тіліне айналуына мүмкіндік берілмейді.

Экономикада ақша айналымы бар жерлерде де ағылшын тілі негізгі тіл. Ағылшындардың ірі компаниялары басқа елге іссапармен барғанда да келіссөздер де осы ағылшын тілінде жүреді. Бұл компаниялар Британ үкіметімен қоса ағылшын тілінің басты салаларда негізгі тіл ретінде жүруін сақтайды.

Ағылшын тілі **американдық және британдық** деп бөлінеді. 1945 жылғы соғыстан кейін екеуінің арасында жаңа экономикалық бәсекелестік пайда болады. Екі мемлекеттің тілі ағылшын, бірақ әрқайсысының тілі бір-бірінен өзгешелеу, өз диалект тілдерінде сөйлейді. Ағылшын тілінің дамуына Америка да сол 1945 жылдан кейін өзінің үлесін қоса бастады. Әсіресе, Голливудтың әлемдік деңгейдегі кинолары, шоубизнес саласындағы жетістіктері ағылшын тілінің өрістеуіне біраз үлестерін қосып жатыр. Қазір осы кинолар әлем жастарын тәрбиелеп жатыр. Ағылшын тілінің өрістеуі, дамуының туы бүгінгі күнде Британиядан гөрі Американың қолында. Себебі, Американың технология мен экономика саласындағы жетістіктері ағылшын тілінің дамуына септігін тигізіп жатыр. Отарлау, басқа елдерді өзінің бодандығында ұстау мәселесі бойынша бұл екі жақтың көзқарасы әртүрлі, бірақ ортақ тілі ағылшын тілі болып отыр. Келешекте Америка мен Британия арасындағы бәсекелестік, тілді қандай деңгейге жеткізулері белгісіз.

Қазіргі заманда Африка болсын, Азия болсын ұлттардың санасы көтеріліп жатыр. Қытайда да өз тілдерін мейлінше дамытып жатыр. Француздар, немістер, ағылшын тілінің ықпалында қалғысы келмейді. Ислам еліндегі Түркия да ағылшын тілінің ықпалында қалғылары келмейді. Бірақ бұлардың барлығы да ағылшындардың дамыған тілін тілдік қорын байыту мақсатында жақсы пайдаланып жүр.



XX ғасырдың екінші жартысынан кейін көзқарас өзгере бастады. Ешкім ағылшын тілінің дамуына кедергі жасамайды, оның дамуын өзінің тілінің қазынасын байытуына қажет құрал деп есептейді. Ұлттық сананың оянуы, технология мен экономиканың дамуының қандай деңгейге жеткізетінін тілдердің шайқасы келешекте көрсетеді, бұл шайқас жақын арада жалғасын табатыны айқын.